

2008 жылы Өскемен қаласының тұрғын үй көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын сатып алуға және орнатуға кеткен шығын орындарын толтыру бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 15 қыркүйектегі № 716 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2008 жылғы 21 қазанда № 5-1-92 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды (Өскемен қаласы әкімінің аппаратының 2009 жылғы 5 наурыздағы № Ин-5/166 хаты)

Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды (Өскемен қаласы әкімінің аппаратының 05.03.2009 № Ин-5/166 хаты)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес, Өскемен қалалық мәслихатының "2008 жылға арналған Өскемен қаласының бюджеті туралы" 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 4/3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-86 нөмірімен тіркелген) 2008 жылғы 10 шілдедегі № 8/3 шешімін ескере отырып Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2008 жылы Өскемен қаласының тұрғын үй көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын сатып алуға және орнатуға кеткен шығын орындары толтырылсын.

2. Қоса берілген 2008 жылы Өскемен қаласының тұрғын үй көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын сатып алуға және орнатуға кеткен шығын орындарын толтыру бойынша Инструкцию бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е.М. Аязбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қолданысқа алғашқы ресми жарияланған күннен соң енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

Т. Қасымжанов

2008 жылы Өскемен қаласының тұрғын үй көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын сатып алуға және орнатуға кеткен шығын орындарын толтыру бойынша Нұсқаулық

1. Осы Нұсқаулық 2008 жылы Өскемен қаласының тұрғын үй көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын сатып алуға және орнатуға кеткен шығын орындарын толтыру мәселелері бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласында заңнамаларды қолдануды нақтылайды.

2. Аз қамтылған азаматтарға (отбасыларына) коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын сатып алуға және орнатуға кеткен шығын орындарын толтыратын және коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын орнатуды қажет ететін адамдардың тізімін құрайтын өкілетті орган – "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Өкілетті орган).

3. Коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын сатып алуға және орнатуға кеткен шығын орындарын толтыру (бұдан әрі – шығындарды толтыру), Өкілетті орган анықтаған тізімге сәйкес отбасына бір рет көрсетіледі.

4. Коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдары суық және/немесе ыстық сумен қамтуға орнатылады.

5. Шығындарды толтыру 451.007.000 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша сатып алынған есептеу құралының құнына және оларды орнату бойынша жұмыс құнына тең, бірақ 10 (он) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада азаматтардың "Қазпошта" акционерлік қоғамындағы жеке шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.

6. Келесі құжаттар бар болған жағдайда шығындар толтырылады:

- 1) шығындарды толтыруға өтініш;
- 2) жеке куәлік;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабы;
- 4) суық және/немесе ыстық суға есептеу құралдарын сатып алу және орнатуға төлегені туралы түбіртек;
- 5) суық және/немесе ыстық суға орнатылған жеке есептеу құралдарының есепке алынғаны туралы акт;

6) "Қазпошта" акционерлік қоғамындағы жеке шот.

7. Тұрғын үй көмегін алушыларға коммуналдық қызметтерді есептеудің жеке құралдарын орнатуды ұйымдастыруды және бақылауды Өкілетті орган жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК